

82. 3/5 Қаз

Қ 44

Алтай-Ертіс

ЖУРНАЛЫ

СЕЙІТ
ҚАСҚАБАСОВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

82.3(БҚаз)
Қ44

Атай-Ертіс
кітапханасы

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі

СЕЙІТ
ҚАСҚАБАСОВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бірінші том

Жаназық

Әр жылғы зерттеулер

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана - 2011

ҒҰЛАМА

Шын мағынасында үлкен ғалым болу және ғылымды басқару өнері бір нәрсе емес. Сонымен қатар олар бір-бірімен тығыз байланысты екені де даусыз. Ғылымды басқаруды нағыз ғалым ғана ойдағыдай жүргізе алады. Ғылым – қоғамдық ой-сананың өзіндік ерекшелігі мол, күрделі саласы. Сондықтан оны басқару кез келген шенеуніктің қолынан келе бермейді. Оны ғылымның қара жұмысын атқарған, оның сыры мен қырын, ерекшеліктерін терең түсінетін адам ғана басқара алады. Бұған әсіресе ғылымды басқарудың қалыптасқан жүйесі өзгерген жылдары әбден көзіміз жетті. Осындай жағдайда жеке ғылыми-зерттеу институттарын сақтау мен ондағы ғылымның дәрежесін төмендетіп алмау үлкен ғалым әрі ұйымдастырушы адамдардың ғана қолынан келді.

Осындай үлгідегі сирек таланттың бірі – Ұлттық Ғылым академиясының академигі Сейіт Асқарұлы Қасқабасов. Ол – қазақ филологиясы ғылымы тарихында ерекше орны бар ғалымдардың бірі. Өзі таңдап алған фольклортану ғылымына шынайы берілген, бұл салада талай іргелі еңбек жазған, еліміздегі ғылым саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, нағыз ұлтжанды азамат, көрнекті қоғам қайраткері.

Мен Сейітті сонау студенттік шағынан (1959-1964) жақсы білемін. ҚазПИ-де оқып жүріп ол ғылыми жұмыспен айналысты, сабақтасы Едіге Тұрсыновпен бірге фольклор экспедицияларына қатысты, студенттердің ғылыми конференцияларында қазақ ертегілері туралы баяндамалар жасап, жұртшылық көзіне түсті.

Сейіттің ғылыми жұмысындағы өмірлік тақырыбы – ертегі әлеміне қызығушылығы институтта жүргенінде бас-

талған болатын. Едігемен бірігіп жазған «Ертекші Шалқарбай Данылбаев» атты алғашқы ғылыми мақаласы әлі есімде. Ол Ғылым академиясы баспасынан шыққан «Қазақ филологиясының мәселелері» атты жинақта жарияланды. Бұл талантты жастар үшін үлкен абырой болды, оның үстіне сол студенттік кезден бастап Сейіттің ғылыми жұмыстарына атақты фольклортанушы-ғалым Нина Сергеевна Смирнова басшылық етті. Кейін жас ғалым М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасына қабылданғанда ұстазының кандидаттық жұмысқа жетекшілік етуі Сейіттің зерттеушілік қабілетін одан әрі дамыта түсуге жол ашты.

Жас шәкіртінің қарым-қабілетін танып, болашағына сенген Нина Сергеевна Сейітті үлкен академиялық мектептен өткізді. Мектеп болғанда қандай! Орыс фольклортану ғылымының кілең мықтыларының іргелі еңбектерін жас Сейіт бас алмай оқып, зейініне тоқыды, қазақ материалдары негізінде авторлық ой-тұжырымдар жасап, өз зерттеулерінде дамытты. Бүкіл одаққа, кеңестік фольклортануға бірден танылған «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері» («Казакская волшебная сказка» – 1972) атты алғашқы монографиясынан бастап, 2009 жылы шыққан «Ойөріс» зерттеуіне дейінгі қырық жыл аралығында жарық көрген үш жүзден астам ғылыми мақалалары мен он бір монографиялық зерттеулерінде ресейлік академиялық фольклор мектебінің ізі сайрап жатыр. Қиял-ғажайып ертегілерін қазақ фольклорының ең көне жанрларының бірі деп дәлелдеген сол алғашқы еңбегі КСРО Ғылым академиясы жүйесіндегі үздік бес кітаптың бірі деп танылып, ғалым есімін бүкіл ТМД аумағына мәшһүр еткен еді. Қазақтың ауыз әдебиетіндегі қара сөздің үлгісін ол алғаш рет ашып, оны «халық прозасы» деп атады, фольклордың осы аса бір бай түрінің жанрлық құрамын жан-жақты зерттеп, аңыздық және ертегілік деп екі топқа жіктеген «Қазақтың халық прозасы» (1984) атты көлемді монографиясы Қазақстан Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды. Ғалымның докторлық жұмысына негіз болған «Қазақтың ертегіден тыс прозасы» («Казакская несказочная проза» – 1990) атты монографиясында осыған дейін ертегіге жатқызылып келген миф, хикая, аңыз, әпсана-хикаят ертегіден тыс прозалық жанрлар ретінде қарастырылып, құрылымдық-поэтикалық, көркемдік ерекшеліктері түбегейлі

зерттелді. Осы еңбегі үшін 1992 жылы Сейітке Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Бұл айтқандарым – Сейіттің ауқымды еңбектерінің негізгі бір бөлігі ғана. Әйтпесе, аттары айғайлап айтып тұрған «Родники искусства» (1986), «Колыбель искусства» (1992), «Жаназық» (2002), «Елзерде» (2008), «Ойөріс» (2009) атты еңбектері, екі томдық «Золотая жила» (2000) атты таңдамалы зерттеулері қазақ фольклоры мен әдебиетінің, өнерінің қадау-қадау мәселелерін бағзы заманнан қазіргі дәуірге дейін жалғастырып терең пайымдаған ойлы да үлкен ізденіске, тың тұжырымдарға толы құнды еңбектер. Және аттары да ішкі мазмұнына сәйкес. Сейіт кітаптарының атын тура, дәлмедәл қоюға шебер. Аталған еңбектердің барлығы дерлік қазір ұлттық фольклортану саласында ғана емес, бүкіләлемдік фольклортану ғылымына қосылған бағалы үлес болып табылады. Бұл ойымызды Сейіттің ғылыми еңбектері туралы ТМД елдері мен шет мемлекеттерде шыққан пікірлер мен рецензиялар растай түседі.

Сейіттің мен білетін басты қасиеті оның ғылымға адалдығы дер едім. Сонау 1964 жылдан бастап күні бүгінге дейін ғылым жүйесінде тапжылмай еңбек етіп келе жатқан ол басқа да қоғамдық, мемлекеттік жұмыстар атқарған кездерінде ғылыми жұмысын тастамай жалғастыра жүрді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі үш жылғы қызметінің өзі ғылым саласымен тікелей байланысты болды. Ол тоғыз жыл бойы Қазақ КСР Ғылым академиясы Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғалым-хатшысы болып істеді. Алты жыл Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің жауапты қызметкері, үш жылдай еліміздің Жоғары Аттестациялық комиссиясының төрағасы лауазымды міндеттерін атқарды. Осы жылдардың барлығында да Сейіт өзі алғаш аспирант болып еңбек жолын бастаған құтты ұжымы – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми-жоспарлы жұмысына үнемі қатысып, арнаулы тақырыптық зерттеулер жазды, туған ұжымымен әр кез байланысын үзбей, институт мұқтаждықтарын шешуге қолұшын берді. Мұның өзі ғылымды түсіне де, бағалай да білген азаматтың өмірлік ұстанымын танытады.

Сейіт жақсы ғалымдығына қоса, іскер ұйымдастырушы да. Қай қызметке барса да істің көзін тауып, жандандыра біледі. Әлі есімде, 1988 жылы Сейіт Орталық Комитеттің идеология бөлімінің кеңесшісі болып жүрген кезде, институт директоры болып жүрген менің қайта құру кезеңінің мүмкіндігін пайдаланып, 1940-1950 жылдары қазақ мәдениеті мен тарихына байланысты бұрын қабылданған кереғар партиялық қаулылардың күшін жою туралы Орталық Комитет хатшысы Өзбекәлі Жәнібековке шыққаным бар еді. Сонда ол кісі ақтаңдақтар мәселесін күн тәртібіне қоюға жол ашты. Маған Сейітпен бірлесіп жұмыс істеуді тапсырды. Елгезек те еңбекқор жігіт бұл ауыр іске бірден беріліп кірісті. 1930-1940 жылдары жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілген көрнекті ақын-жазушылар мен мәдениет қайраткерлерін ақтауға қатысты материалдарды қайта қарап, 1950 жылдардағы көрнекті қоғамтанушы ғалымдар мен әдебиет, өнер қайраткерлерін қуғындауға себеп болған, қазақ халқының әдеби-музыкалық мұрасын зерттеуді тежеп, тарихи процестің дамуын бұрмалаған тарих, әдебиет және мәдениет мәселелеріне қатысты партиялық қаулылардың күшін жоюға қажетті көптеген құжаттар әзірледі, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия жұмысына белсене қатысты, одан кейін Орталық Комитеттің әлеуметтік орталығын ұйымдастырып, республикамыздың саяси және әлеуметтік проблемалары бойынша одақтық деңгейде құнды пікірлер ұйымдастырды.

Сейіттің іскер басшы, шебер ұйымдастырушылық қабілеті Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары Аттестациялық комиссиясының тұңғыш төрағасы болып тағайындалған кезде ерекше жарқырап көрінді. Тәуелсіз ел тарихындағы алғашқы ғылыми аттестациялау мекемесін құрып, дамыту оңай шаруа емес еді. Министрлік деңгейіндегі құрылымның алғашқы Ережесін, қызметкерлерінің штаттық кестесін, «Ғылыми атақтар мен ғылыми дәрежелерді тағайындау тәртібі туралы ережені», барлық дерлік құжаттарды Сейіт өз қолымен дайындады. Ғылым докторы мен кандидаты дипломы, профессор мен доцент аттестаты үлгілері де Сейіттің жобасы негізінде жасалды. Қазір де осы үлгілер басшылыққа алынып келеді.

Сейіт басшылық еткен жылдары ЖАҚ-тың тұңғыш төралқасы, сараптау кеңестері мен құрылымдық бөлімшелері, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарында докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғайтын кеңестер жүйесі құрылды, Сейіттің бастамасымен Алматыда ТМД елдері ЖАҚ төрағаларының кеңесі өткізіліп, онда ТМД елдері Мемлекеттік аттестациялау органдарының халықаралық ассоциациясы (МАГАТ) құрылды. Бұл халықаралық ұйымның алғашқы төрағасы болып Сейіт сайланған еді.

Сейіт Қасқабасовтың іскерлігі Астанада қызмет еткен жылдары да анық байқалды: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ол «Еуразия» ғылыми-зерттеу орталығын құрды, осы оқу орнында жаңадан ашылған шығыстану факультетінің тұңғыш деканы болып, оқу жұмысын дұрыс жолға қоя білді.

Біздің М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 2000 жылдардың бас кезінде қиын жағдайға тап болып, үлкен тоқырау кезеңін бастан кешкені көпке белгілі. Сол қиын сәтте марқұм академик Зәки Ахметов екеуміз Астанадағы Сейітке өз институтына қайтып оралып, басшылық тізгінін қолына алуын сұрап, қолқа салдық. Кішіпейіл азамат қой. Ағаларының тілегіне құлақ асып, келісімін берді. Сол кездегі Білім және ғылым министрі де біздің ұсынысымызды құптады. Сөйтіп, 2001 жылы қазанда Сейіт институт директоры болып тағайындалып, жұмысқа кірісті. Үмітімізді молынан ақтады, қажырлылығы, еңбегі мен іскерлігінің арқасында институттың беделін көтерді. Сол азаматтығы, ғылымға берілгендігі үшін де біз оған ризашылығымызды білдіреміз.

Сейіт директор болғаннан бастап біздің институт екінші тынысын ашты. Іскер басшының ғалымдығының, үлкен беделінің арқасында институт елімізге ғана емес, алыс, жақын мемлекеттерге кеңінен танылған берекелі ұжымға айналды: жоспарлы ғылыми-зерттеу жұмыстары өз мерзімінде, тіпті кейбір жобалар уақытынан бұрын жазылып, том-том ғылыми еңбектер жарық көрді, институт құрылымына тың өзгерістер енгізіліп, ежелгі және орта ғасырлар әдебиеті, абайтану және жаңа дәуір әдебиеті, мәтінтану және деректану, әлем әдебиеті бөлімдері ашылды, бұл бөлімдер қазір бес секторға: Әдебиет тарихы, Қазіргі әдебиет (тәуелсіздік дәуірі) және әлем әдебиеті,

Фольклор және қолжазба, Әуезовтану, Өнертану секторларына біріктіріліп жұмыс істеуде. Мұның өзі институттың Ғылыми кеңесі қызметін жеңілдетіп, оңтайландыруға оңды ықпал етіп келеді.

Академик Қасқабасовтың табандылығының арқасында институтта музыка, театр және бейнелеу өнері бойынша кандидаттық диссертациялар қорғайтын кеңес ашылып, жүзге жуық өнертану кандидаты ғылымға жолдама алды.

Сейіт – жаңа идеяның, тың ойдың адамы. Ойына алған мақсатты міндетті жүзеге асыру жолында ол шаршамай, үнемі ізденіс үстінде тынбай еңбек ете біледі. Сейіт басқарған соңғы тоғыз жылда институт үлкен жетістіктерге жетті. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша іске асып жатқан жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясы Сейіттің жеке ұсынысымен басталып, жетекшілігімен атқарылып жатқан бірден-бір бірегей жобаға айналды. Мұндай жоба тіпті бүкіл әлем елдерінде кездеспейді. Елбасы Н. Назарбаевтың өзі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі қоғамдық кеңес мәжілісінде сөйлеген бір сөзінде: «Академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов басқаратын «Бабалар сөзі» сериясымен шыққан кітаптар да қазақ халқының аса бай ауыз әдебиеті мұрасын жинақтап, ұрпақ қолына табыстауда үлкен рөл атқаратын жоба деп білемін», – деп жоғары баға берді. Қазір осы теңдессіз жоба жүйелі түрде жүзегеасуда. Бүгінге дейін алғаш рет хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың он томы, сонымен бірге батырлар жырының он сегіз томы жарық көрген бұл жүзтомдық мұра – халқымыздың баға жетпес қазынасы болатынына дау жоқ. Ол Сейіт сияқты ұлтжанды ұлдарының жанкешті еңбегінің арқасында ұрпақ көдесіне жарап жатқаны қуанышты.

1960 жылдары біздің институтта алты кітаптан тұратын үш томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» шыққаны көпке мәлім. Соның негізінде қазақ әдебиетінің жаңа ұрпағы тәрбиеленді. Қазір бұл басылым ескірді. Ол егемен ел талаптарына жауап бере алмайтын еді. «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдық жаңа нұсқасын дайындау мәселесі осындай ойдан туындады. Бұл істе де Сейіт Қасқабасов іскерлік танытып, он томдық «Қазақ әдебиеті тарихын» жазуға басшылық етті, сөйтіп

институт ғалымдарының қажырлы еңбегінің арқасында бұл жаңа басылым да 4-5 жылдың шамасында жазылып, толық басылып шығып, оқырманға жол тартты.

Сейіт басшылық етіп келе жатқан жылдары институтта жүзеге асып жатқан жоба да жаңа, кадр саясаты да жаңа. Олай дейтінім, алғаш рет үш томдық «Қазақ өнерінің тарихы», бес томдық «Қазақ музыкасының антологиясы» дайындалып, жарыққа шықты, алғаш рет қолға алынған 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясының 8 томы басылды, М.О. Әуезовтің 50 томдық академиялық жинағын қайтадан дайындау қолға алынып, қазір 42 томы жарық көрді. Ғылыми кадрлар даярлау жұмысы дұрыс жолға қойылып, институтқа жас ғалымдар көптеп қабылданды. Соның нәтижесінде қазір институт қызметкерлерінің жартысынан астамын талантты қыз-жігіттер құрайды. Елімізге оралып жоғары білім алған отандастарымыз арасынан он шақты жас маманның институтқа қызметке алынуы Сейіттің ғылым болашағына деген сенімінің белгісі.

Институт бастамасымен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 1500, «Қыз Жібек» жырының 500 жылдықтары, Дулат Бабатайұлының 200 жылдығы, Ғабиден Мұстафин мен Ахмет Жұбановтың 100 жылдықтары республика көлемінде алғаш рет кеңінен аталып өтуі, Махамбеттің 200 жылдық, Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО деңгейінде мерекеленуі де Сейіттің ғалымдық пен ұйымдастырушылық еңбегінен тысқары болған шаралар емес. Оған Әдебиет пен өнер институты белсене қатысты.

Мәскеудегі атақты М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институтымен бірлесіп рухани мұраға байланысты және Пушкин мен Абайдың шығармашылық үндестігіне арналған симпозиумдардың өткізілуі институтымыздың беделін арттырып, халықаралық байланыстар ауқымын кеңейтті. Ұлы жазушы есімін иеленген ұжым болғандықтан 2002 жылдан бастап ғұламаның туған күніне орайластырылып, жыл сайын М. Әуезов оқуларын өткізу дәстүрге айналды. 2004 жылдан бастап институтта жыл сайын абайтанудың көкейкесті мәселелеріне арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылып келеді. Бұл салиқалы ғылыми жиынға алыс-жақын елдерден белгілі ғалымдар мен шет

мемлекеттердің Қазақстандағы өкілдіктері, дипломатиялық миссия қызметкерлері қатысып, тақырыпқа байланысты мазмұнды баяндамаларымен және сындарлы сөздерімен жұртшылық назарын аударуда. Бұл игі шаралар да Сейіттің бастамасымен өткізілуде.

Сонымен бірге Сейіт өзімен бірге істеген, бүгін өмірде жоқ аға ғалымдар аруағына әрдайым тағзым етіп, әріптес фольклортанушы, әдебиеттанушылар мен қызметтес достары есіміне де адалдық танытып келеді. Ұлттық әдебиеттану тарихында өзіндік орны бар Ы. Дүйсенбаев, М. Ғабдуллин, М. Базарбаев, З. Ахметов, М. Дүйсенов, Ө. Дербісәлин, Б. Уахатов сияқты көрнекті ғалымдарды еске алу шаралары өткізіліп, олардың ғылыми мұрасы кеңінен насихатталуда, ал денсаулығына байланысты ғылыми жұмысын мезгілінде аяқтай алмай қалған талантты ғалым досы Едіге Тұрсыновтың докторлық диссертациясын қорғауына үлкен қамқорлық жасады. Сейіттің басшылығымен кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғаған азаматтардың бәрі де оның шын мәнінде ғұлама, шын мәнінде зиялы екендігін ерекше ризашылықпен айтып жүреді.


Сейіттің ғалымдық басты бір ерекшелігі – ол екі тілде бірдей жазады: мейлі қазақ тілінде жазсын, мейлі орыс тілінде жазсын, оның еңбектерінің негізгі нысаны – ұлттық фольклортану, әдебиеттану және өнертану мәселелері, ұлттық, халықтық мұраттар. Соңғы жылдары жазған еңбектерінде ол зерттеу объектісін бірсыпыра кеңітіп, Махамбет, Абай, Жамбыл туралы жаңа, соны ойларымен көзге түсті, қазақ сөз өнерін фольклор, авторлық ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп зерттеу қажеттігі туралы жаңа пікірлер ұсынды.

Айта берсек, Сейіттің ғалымдығы туралы, қайраткерлігі туралы көп әңгімелеуге болады. Ол ұлттық фольклортану, әдебиеттану және өнертану ғылымдарының бас-аяғын жинап, бағыттарын айқындап, жаңа өрлеу сатысына көтерілуіне себепкер болып, қайта жаңғырып жатқан егемен еліміздің өркендеуіне осылайша лайықты үлес қосып келеді.

Серік ҚИРАБАЕВ,
*Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым
академиясының академигі*

БІРІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ
ПРОЗАСЫ



Бірінші тарау

ФОЛЬКЛОР ЖАНРЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПРОЗАСЫН САРАЛАУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРДЫҢ ТАБИҒАТЫ

Қазақ фольклортану ғылымында әлі күнге дейін толық зерттелмей келе жатқан мәселенің бірі – жанр табиғаты, оның дамуы және қызметі. Аса көрнекті совет фольклорисі В.Я. Пропп 1946 жылдың өзінде фольклорлық жанрларды жеке алып зерттеудің қажеттігін атап көрсеткен еді. «Фольклортанудың алдындағы міндеттердің бірі, – деп жазды ол, – жанр категориясын бөліп алып, жеке зерттеу...»¹. Бұл біздің алдымыздағы келелі міндет болып әлі тұр.

Жанр – өнердің, әдебиет пен фольклордың, бір жағынан, жалпы, көп қырлы (универсалды) категориясы да, екінші жағынан, нақтылы категориясы. Көп қырлы болатыны – онда әр түрлі әдістер мен тәсілдер көрініс табады, ал нақты болатыны – шығарма белгілі бір жанрдың аясында жазылады. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі, заңдары болады. Оларды білмейінше, өнердің, фольклор мен әдебиеттің жалпы сырын түсіну мүмкін емес, сондай-ақ шығарманы дәл танып, терең талдап, әділ бағалау да қиын.

Фольклортану ғылымында жанрға берілетін анықтама жайында В.Я. Пропп былай деп жазады: «Орыс әдебиеттануында жанр деген сөзбен *тектік* емес, *түрлік* ұғым беріледі. Поэзияның *тек* пен *түрге* бөлінетіні жайында кезінде Белинский жазған-ды. Осы бөлініске сүйеніп, ол «орыс әдебиетінің сыни тарихын» жазбақ болған еді. Сол еңбектің жалғасы ретінде Белинский халық поэзиясы туралы үлкен тарау жазды. Онда ол орыс халық поэзиясының кейбір жанрларын тұңғыш рет анықтап, сипатын берді. Белинскийге, кейін Веселовскийге де, әдебиет тарихын өз даму заңдылықтарына сәйкес жасау үшін жанрлар мәселесі – алғашқы саты болып көрінеді. Ал поэзияның *тектері* – эпосқа (дәлірек айтқанда – баяндау

поэзия мен прозаға), драмаға және лирикаға тән екені баршаға аян. Тектер түрлерге бөлінеді, ал бұл түрлерді біз жанрлар деп атаймыз»².

Алайда, бұл анықтама айтарлықтай дәл емес. Алдымен айтатын нәрсе – «тек», «түр» ұғымдары саралау мен жіктеу саласына жатады. Ал бізге керегі – ең алдымен саралаудың шарттарын белгілеу. Ол үшін бірінші кезекте «жанр» ұғымына нақты анықтама табу керек. Басқаша айтсақ, фольклорлық жанрларды сараламас бұрын жанр деген не, оның табиғаты, ерекшелігі қандай? Міне, осы мәселелерді шешіп алу қажет. Жанрлар көп. Ендеше әр жанрды жеке тексеруге де, басқа жанрлармен қатыстыра алып та зерттеуге болады. Олай болса, біз үшін алғашқы қадам – «жанр» ұғымын анықтау.

Жанр ұғымына бірден анықтама беру мүмкін емес. Жанр туралы бүкіл арғы-бергі дәуірде айтылған пікірлерді айтпағанның өзінде, тек совет әдебиеттану ғылымында жанрға әрқилы мағына мен анықтама беріліп келді. Мәселен, 1920-1930 жылдардан бастап, осы күнге дейін кең таралған бірекі анықтаманы алсақ та жеткілікті: «жанр дегеніміз – бір үлгіге талпынудың, жүгінудің түрі», «жанр – өзгермелі және тұрақты элементтердің бірлігі», «жанр өзін-өзі бағындырып, жоққа шығарып дамиды»³. Бірақ бұл анықтамаларды түгелдей қабылдауға болмайды, өйткені оларды даму үстіндегі кез келген құбылысқа пайдалануға болады.

Тағы бір мысал келтірейік: «Жанр дегеніміз – барлық көркем түр сияқты, тұрақталған, белгілі бір әдеби конструкцияға айналған мазмұн»⁴, «жанр – таным процесіндегі бір кезеңнің шектелгенінің көрінісі табылған эстетикалық шындықтың формуласы»⁵. Міне, бұл анықтамалар да біржақты. Себебі жанр – қатып қалған тас емес. Оның мазмұны да, түрі де әр дәуір мен қоғам талабына сәйкес дамып, өзгеріске түсіп отырады. Сондай-ақ эстетикалық формула да бір жанрдың ішінде өзгеріп отырады.

Біздің елде «жанр» ұғымы әдебиеттану мен фольклортану ғылымдарында көбінесе бір мағынада, «түр» мағынасында қолданылып жүр. Мысалы, Совет Одағында қабылданған әдебиеттану мен фольклортану оқулықтарында былай делінген: «Біздің ғылымда «жанр» термині екі мағынада қолданы-

лады. Көбінесе жанр деп баяғыдан бері әдебиеттің «тектері» болып саналатын эпосты, лириканы, драманы айтып жүр. Этимологиялық жағынан келгенде бұл дұрыс – француздың «генге» (латынның «genus» сөзінен алынған) сөзі «тек» деген ұғымды береді. Алайда, бұл ертеден қалыптасқан дәстүрді бұзады. Ол дәстүр бойынша «жанр» сөзімен әдебиеттің тектерін емес, сол тектердің ішкі бөлшектерін атайтын. Мәселен, эпопея, роман, новелла, очерк, немесе ода, элегия, эпиграмма; я болмаса трагедия, комедия, водевиль, т.б. Міне, әдеби жанрларды біз осы дәстүрлі мағынада түсінеміз»⁶. Бұл – соңғы шыққан «Әдебиет теориясында».

Ал орыс фольклорына арналған жаңа оқулықта былай деп жазылған: «Әдеби (ал біздер үшін фольклорлық та) творчествоның қалыптасқан үш түрі бар: эпос, лирика және драма. Әдетте, оларды тектер деп есептейді. Әрбір тек белгілі бір типке жататын шығармалар тобын қамтиды...

Тек – кең мәнді құбылыс, әрі ұғым; ол бірнеше түрді қамтиды, сол түрлер арқылы нақты көрінеді. Осы күні әдебиеттану мен фольклортануда «түр» деген термин мен ұғым тіпті қолданылмайды десе де болады, оның орнына әрі термин, әрі ұғым ретінде «жанр» сөзі пайдаланылады. Ал бұрын олар жеке-жеке мәнде болатын. Біз де жұмысқа қолайлы болу үшін «жанр» сөзін қолданамыз, өйткені ол «тектен» гөрі ықшамды. Сонда біз «тек» шындықты бейнелеу әдісі (эпикалық, лирикалық, драмалық) деп, ал «жанр» көркем түрдің типі деп білеміз (ертегі, өлең, мақал)»⁷.

Міне, Бүкілодақтық ғылымда «жанр» термині «түр» мағынасында алынып, ол әдебиетте де, фольклорда да бірдей саналып жүр. Бұл пікір біздің ұлттық филологиямызда да орын алған. Мысалы, Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясында» былай деп жазады: «Бұрын да, кейін де «әдебиеттің тектері» деудің орнына «жанр» дейтін. Эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр. Дұрысының өзі де осы. Профессор Л. Тимофеев пен Н. Венфов: «Әдебиет тегін жанр деп атау дұрысырақ», – дейді. Біз де осы пікірге қосыламыз. Сондықтан *әдебиет тегі мен әдебиет жанры* деген бір ұғымда қолданылады»⁸.

Қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби жанрлардың теориясына қатысты пікір айтқан ғалымдардың бірі – З. Қабдолов. Ол

жанрды даму үстіндегі ұғым, нақты тарихи түр деп анықтайды⁹. Автордың өз сөзімен айтсақ: «Әдебиет теориясында пішін (форма) бар да, түр (вид) бар. Дәлірек айтқанда, әдебиеттің тектері (эпос, лирика, драма) бар да, түрлері (роман, поэма, трагедия, т.б.) бар. Тек те, түр де жанр деген ұғыммен, яғни жанр және жанрлық түрмен мәнделс»¹⁰.

Республикамызда фольклор жанрларының теориясына және жанрларды саралау мәселесіне байланысты алғаш ғылыми пікір айтушылардың бірі – Б. Уахатов. Ол өзінің «Қазақтың халық өлеңдері» атты монографиясында біз зерттеп отырған проблеманың өлеңге қатысты аспектілерін арнайы қарастырған. Ғалым халық өлеңдерін жанрлық тұрғыдан сипаттай келіп, жалпы жанрға анықтама береді.

«Жанр, – деп жазады ол, – белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын және соған лайықты мазмұны бар, әбден қалыптасқан көркемдік форма»¹¹.

Көптеген анықтамаға қарағанда, бұл анықтама біршама дұрыс. Автор жанр ұғымына терминдік сипат берумен бірге оның негізгі қасиеттерін дұрыс қамтыған: белгілі бір қоғамдық қызмет, сол қызметке лайық мазмұн. Басқаша айтқанда, Б. Уахатов жанрды анықтауда басты принцип етіп оның функциясын алған. Ол өзі де былай деп жазады: «Бір сөзбен айтқанда, қазақтың халық өлеңдерін классификациялауда оның жанрлық функционалдық белгілеріне сүйену қажет»¹².

Жанрды қалыптасқан көркемдік форма деген сөз де қазақ фольклортануы үшін тың пікір. Алайда, біздің ойымызша, жанрды көркем форма дегеннен гөрі өмірді, оқиғаны бейнелеу тәсілі деген дұрыс сияқты. Себебі фольклордың барлық жанры бірдей көркем емес; екіншіден, форма ұғымы көп мағыналы, оған тәсіл де, тіл де, құрылыс та кіреді.

Әдебиет жанрларына арналған соңғы кездегі еңбектерде жанрды танып, оған дұрыс анықтама беруге жаңа талпыныс бар. Жанрды бейнелеудің предмети деп те, тәсілі деп те айтып жүр. Бірақ «хабарлау тәсілі» дегенде авторлар баяндаудың ауызша, жазбаша болып келуін айтады.

Әдебиеттегі эпикалық проза жанрын зерттеген ғалым Н.П. Утехин жанрға мынадай анықтама береді: